



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Тұран- Астана» университеті



## “ҚАЗАҚСТАНТАНУ-6”

Халықаралық ғылыми конференция  
Конференция материалдары  
1 том

## “КАЗАХСТАНОВЕДИЕНИЕ-6”

Международная научная конференция  
Материалы конференции  
Том 1

## “KAZAKHSTANLOGY-6”

International conference  
The conference bulletin  
Volume 1



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

«Тұран-Астана» университеті  
Университет «Тұран-Астана»  
«Turan-Astana» university

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ  
20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ  
«ҚАЗАҚСТАНТАНУ – 6»

2011 ж., 20 қараша  
Конференция материалдары  
1 том

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ  
«КАЗАХСТАНОВЕДЕНИЕ – 6»,  
ПОСВЯЩЕННАЯ 20-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

20 ноября 2011 г.  
Материалы конференции  
том 1

THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC PRACTICAL  
CONFERENCE “KAZAKHSTANOLOGY - 6” DEVOTED  
TO 20-th YEARS OF INDEPENDENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

november 20, 2011 y.  
The conference bulletin  
Volume 1

Астана 2011

**Қ 18** «Қазақстантану – 6 Казахстановедение – 6 Kazakhstanology – 6» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция. Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. 2 томдық. 1 том. Астана. «Тұран-Астана» университеті, 2011.- 396 б.

**ISBN 978-601-214-140-5**

Жинаққа 2011 жылы 20 қарашада «Тұран-Астана» университетінде өткізілген *Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Қазақстантану – 6» атты халықаралық ғылыми конференцияның* материалдары енген. Қазақстантанумен бірге жинақта ресейтанудың түрлі саладағы өзекті мәселелері және олардың шешімдерін табу жолдары қарастырылған. Ғылыми қызметкерлер, магистранттар, докторанттар және студенттерге арналған.

В сборник вошли материалы международной научной конференции *«Казахстановедение – 6», посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан* проходившей 20 ноября 2011 года в университете «Туран-Астана», где рассматриваются актуальные проблемы казахстановедения, а также руссиеведения в системе различных отраслей науки на современном этапе развития общества. Сборник рекомендован для научных работников, магистрантов, докторантов, преподавателей, студентов вузов.

The collection includes the papers of the international scientific conference *The international scientific conference «Kazakhstanology – 6»* devoted to 20-th years of independence of the Republic of Kazakhstan, which took place November 20, 2011 at the “Turan-Astana” University and the important problems of the kazakhstanology and also russianology in the system of different branches of science at the present stage of development of our society are dealt with. The collection is intended for research workers, postgraduate students, masters, PhD students, teaching staff and students.

**УДК 908 (574)**

**ББК 26.89 (5қаз)**

**Редакционная коллегия:**

**Алиев У.Ж., д.э.н., профессор (главный редактор); Джапарова Г.А., к.э.н., профессор; Аяпбергенов Б.К., к.филол.н., доцент; Аяпбекова А.С., к.г.н., доцент; Байкадамова М.С., к.филол.н., (редактор); Барсукова Р.А., к.ю.н., профессор; Аманжолова А.Д., (технический секретарь); Инютин С.П., к.т.н., доцент; Лисовская В.А., к.п.н., доцент; Мырзаханов Н.М., д.б.н., профессор, Стативкин В.В., старший преподаватель; Тажбагамбетова С.Е., доцент; Тулегенова Ж.У., к.э.н., доцент; Турмахамбетов Ж.Ш., ст.преподаватель, Шайжанов М.К., к.э.н., доцент; Шаяхметова М.Х., к.ф.н., профессор, Яковлев В.А., магистр экономики.**

Университет «Туран - Астана», 2011

**ISBN 987-601-214-140-5**

**ҚАЗАҚСТАН АНУДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУ/  
ЭКОНОМИЧЕСКАЯ РЕФЛЕКСИЯ КАЗАХСТАНОВЕДЕНИЯ**

<i>Алиев У.Ж.</i> ОТ САМООСМЫСЛЕНИЯ К САМОУТВЕРЖДЕНИЮ КАЗАХСТАНА КАК СОЦИУМА (вместо предисловия).....	6
<i>Айнабек К.С.</i> СУЩНОСТЬ ЧЕЛОВЕКА И ПРОИЗВОДНЫХ ФОРМ ВСЕОБЩЕГО...	10
<i>Айнабек К.С.</i> РАЗВИТИЯ ВСЕЛЕННОЙ О КОРРЕКЦИИ ТЕОРИИ ЭЙНШТЕЙНА В ПОНИМАНИИ ЗАКОНОВ .....	19
<i>Айнаканова Б.А.</i> АСТЫҚ ӨНДІРСІН ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	23
<i>Ахметжанов А.С.</i> АНАЛИЗ ЕДИНОЙ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННОГО ДОКУМЕНТО-ОБОРОТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (ЕСЭДО)	26
<i>Ахметжанов А.С.</i> АНАЛИЗ РЫНКА И ВЫБОР СИСТЕМ ЭЛЕКТРОННОГО ДОКУМЕНТООБОРОТА.....	32
<i>Әбдімомунова А.Ш.</i> ИСЛАМИ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ НЕГІЗДЕРІ.....	36
<i>Байжомартов У.С., Сайдұлаева З.С.</i> КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ КАК КЛЮЧЕВОЙ ЭЛЕМЕНТ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ.....	40
<i>Бейсембиев М.И.</i> 2003-2015 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНДУСТРИЯЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТИІМДІ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ.....	44
<i>Бұлақбай Ж.М.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	48
<i>Бутунбаев Е.М.</i> АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІҢ ЖАЛДАУ ТӘРТІБІН БҮЗУ.....	56
<i>Горювая О.Н.</i> СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ПРИОРИТЕТЫ НОВОЙ ИНДУСТРИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА.....	62
<i>Даулетова А.М., Жұмұзқаспаева Г.Е.</i> ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ БӘСЕКЕНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ.....	70
<i>Джусибалиева А.К.</i> ОСОБЕННОСТИ И НАПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ В РК.....	75
<i>Догалов А.Н.</i> ТЮРКОЯЗЫЧНАЯ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ МЫСЛЬ В XI ВЕКЕ.....	81
<i>Егизбаева Ж.Т.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙГАЗ САЛАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ.....	87
<i>Ембергенов Н.М.</i> ҚР-ДАҒЫ ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ БЕТАЛЫСЫ.....	94
<i>Ержанова А.А.</i> ИНТЕГРАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА – ПУТЬ К СТАБИЛЬНОСТИ И ПРОГРЕССУ.....	100
<i>Искаков Б.М.</i> ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ	108
<i>Каринова А.С.</i> КОРПОРАТИВНАЯ КУЛЬТУРА ОРГАНИЗАЦИИ КАК КОМПОНЕНТ СИСТЕМЫ МЕНЕДЖМЕНТА НА ПРЕДПРИЯТИИ.....	115
<i>Катышев Д.М.</i> ЭФФЕКТИВНОСТЬ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	124
<i>Кенес Г.К., Ермағанова С.Б.</i> МАМАНДАНУ ПӨНДЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ – БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ КЕПІЛІ.....	133
<i>Керімбек Г.Е., Керімбек А.К.</i> ҒАРЫШ САЛАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЭКОНОМИКАҒА ӨСЕРІ.....	138
<i>Атаниязов Ж., Кулушева А.С.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	146
<i>Қарауылбекова Б.Қ.</i> АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛДАУДА АҚЫ ТӨЛЕУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	149

Мурсалова Х.Н. КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКИ И УЧАСТИЯ В МЕЖДУНАРОДНОМ РАЗДЕЛЕНИИ ТРУДА.....	154
Мусина Р.С. СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ ИННОВАЦИЙ И ИННОВАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ.....	159
Мусиров Г. НЕОБХОДИМОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ МОДЕЛИ «НЕСИЕ» КАК АЛЬТЕРНАТИВЫ ИСЛАМСКОГО ИНСТРУМЕНТА ФИНАНСИРОВАНИЯ.....	167
Мұрсалова Х.Н. ҒАРЫШ КЕҢІСТІГІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДА МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....	170
Мүсіров Ғ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ БАНКІСІНІҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ.....	177
Окутаева С.Т. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ КАДРОВОГО МЕНЕДЖМЕНТА.....	180
Саменов М.С. АЙМАҚТАРДАҒЫ ЕҢБЕКНЕН КАМТУ ШАРАЛАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ.....	188
Сауранбаева М.Т. БАНКТІК МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫ ҚР-НЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	192
Төрекұлова Ш.А. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА МАҚТА КЛАСТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	199
Утольбаев С.А. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ХАЛАЛ ИНДУСТРИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	202
Шапеннова К.К. ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА НА ОСНОВЕ ТЕХНИЧЕСКОГО ПЕРЕООРУЖЕНИЯ.....	210

**ҚАЗАҚСТАН АНУДЫ ТЕХНИКА-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЕЛЕГІНЕН ӨТКІЗУ  
КАЗАХСТАНОВЕДЕНИЕ: ТЕХНИКО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ И  
ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОЕ ОСМЫСЛЕНИЕ**

---

Абдыбаева Г.З. ВОЗМОЖНОСТИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ИС В СРЕДЕ ROSE DELPHI LINK.....	217
Актаева У.Ж., Бектүреева Г.У., Бекмуратов И.Б. МЕТОДЫ АКТИВИЗАЦИИ ПРИ РЕШЕНИИ ТЕХНИЧЕСКИХ ЗАДАЧ.....	221
Алтаева А.У. АВТОМАТИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА УЧЕТА МАТЕРИАЛЬНЫХ ПОТОКОВ.....	226
Алтынбекова А.А. ИНФОРМАЦИОННЫЕ (ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ) ТЕХНОЛОГИИ В УПРАВЛЕНИИ БИЗНЕС-СИСТЕМАМИ.....	230
Избасарова Г.Б., Арзуманьян Г.С. ВОЗМОЖЕН ЛИ РАЗГОВОР С ВНЕЗЕМНЫМИ ЦИВИЛИЗАЦИЯМИ?.....	235
Арипбаева А.А. БАНК ЖҰМЫСЫНДА КӨПШІЛІККЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖҮЙЕСІН МОДЕЛДЕУ.....	240
Арчабаева А. АҚПАРАТТЫҚ-ПРОГРАММАЛЫҚ КЕШЕН МӘСЕЛЕСІН ҚОЮ ЖӘНЕ ҚУРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТАҢДАУ.....	246
Бахытжан А.Б., Султанбекова К.Р. РАЗВИТИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ СИСТЕМЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В КАЗАХСТАНСКОМ ВУЗЕ.....	249
Бетев А.С. НОВЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ.....	254
Жапарова Г.А., Шайжанов М.К. МЕСТО ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ.....	258
Жузбаев С.С., Кыдырбаева А.Б. МОДЕЛИРОВАНИЕ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОЦЕССНОГО ПОДХОДА ПРИ УПРАВЛЕНИИ БИЗНЕСОМ.....	265
Жузбаев С.С., Сункарбекова А.А. КЛАССИФИКАЦИЯ И СРЕДСТВА ПРОЕКТИРОВАНИЯ КОРПОРАТИВНЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ.....	271
Жузбаев С.С. ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗАХ РК.....	275
Каипова А.Ш. МОДУЛЬ ПО УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ПОДСИСТЕМЫ ВВОДА-ВЫВОДА ДАННЫХ МЕДИКО-СТАТИСТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ.....	280

<b>Касымова А.Х.</b> БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА АКПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ЖАБДЫҚ-ТАУДА LAZARUS ЕРКІН БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘЖІРИБЕСІН ПАЙДАЛАНУ.....	285
<b>Мейрманов Н.К.</b> ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЭЛЕКТРОННЫХ СЕРВИСОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	288
<b>Мишунина Н.О.</b> СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К СОЗДАНИЮ WEB-САЙТА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ.....	292
<b>Нестеренко Л.И.</b> КАК ПРЕДУПРЕДИТЬ ОШИБКИ В МАТЕМАТИЧЕСКИХ РАССУЖДЕНИЯХ.....	297
<b>Нұрпейісова Б.Ә.</b> ПЛЮСЫ И МИНУСЫ В ПРИМЕНЕНИИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ.....	300
<b>Оспанова Г.К., Сагнаева С.К.</b> УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.....	310
<b>Пазылов Ә.</b> «ҚАЗАҚСТАН ТАНУ» МЕН «МӘШҮРТАНУ ДЫҢ» ҰЛТ ТАРИХЫНДА АЛАР ОРНЫ.....	315
<b>Рыскулова А.Ш.</b> СПЕЦИФИКА ЛИНГВОПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ МЕДИКОВ.....	320
<b>Султанова Ж.Д., Сагнаева С.К.</b> К ВОПРОСУ ОБ ОЦЕНКЕ ТРУДОЕМКОСТИ РАЗРАБОТКИ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ.....	326
<b>Сыдықова Р.М.</b> АНАЛИЗ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ: СТРУКТУРНОЕ ОПИСАНИЕ... ..	331
<b>Тастанова А.С., Сержанова Қ.Ш.</b> ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ... ..	336
<b>Шайжанов Б.М.</b> МОДЕЛИРОВАНИЕ БИЗНЕС-ПРОЦЕССА РЕГИСТРАЦИИ ВХОДЯЩИХ И ВЫХОДЯЩИХ КОРРЕСПОНДЕНЦИЙ.....	342
<b>Яковлев В.А.</b> РОЛЬ СОВРЕМЕННЫХ АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ В УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВУЗА.....	346

## РОССИЕВЕДЕНИЕ

---

<b>Гордеев В.А., Шкиотов С.В.</b> ПРЕИМУЩЕСТВА И НЕДОСТАТКИ СОЗДАНИЯ ТАМОЖЕННОГО СОЮЗА БЕЛАРУСЬ-КАЗАХСТАН-РОССИЯ.....	352
<b>Осипов Ю.М.</b> ЭКОНОМИЗМ.....	357
<b>Рязанов В.Т.</b> ЦИКЛЫ МОДЕРНИЗАЦИИ В РОССИИ: РЕФОРМЫ И КОНТРЕФОРМЫ	360
<b>Сизов В.С.</b> УЧИТЕЛЬСТВО И ПРОСВЕТИТЕЛЬСТВО.....	368
<b>Чекмарев В.В.</b> РОЛЬ ГЛОБАЛИЗАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ИЗМЕНЕНИИ СОСТОЯНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАК МЕХАНИЗМА СОЦИАЛИЗАЦИИ ИНДИВИДОВ.....	374
<b>Шаповалов В.Ф.</b> ПРОСТО ПРЕПОДАВАТЬ... (к вопросу о соотношении образования и воспитания).....	381
<b>Шелкопляс Е.В.</b> НАЧАЛО ТРЕТЬЕГО ТЫСЯЧЕЛЕТИЯ: ВЫЗОВЫ И ЕВРАЗИЙСКИЙ ОТВЕТ.....	388

## Резюме

В данной статье рассматривается функционирование государственного казахского языка в сфере образования, в подготовке высококвалифицированных и конкурентоспособных специалистов.

## Resume

In this article was considered role of national language in education, its value and necessity, also were considered and made suggestions associated with preparation of responsible specialists, perfectly owned the profession, trained by international standards, ready for constant improvement and having profile and level of competitive specialists.

**Керімбек Ғ.Е.,**

*э.ғ.к., аға оқытушы*

**Керімбек А.К.,**

*магистр, аға оқытушы*

*«Тұран-Астана» университеті*

## ҒАРЫШ САЛАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ

«Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігінде, Қызылорда облысының территориясында орналасқан, жалпы көлемі 6,7 мың км<sup>2</sup> жерді алып жатыр.

Аймақтың рельефі – тұздытопырақты, жылжымалы құмды төмпешіктерден тұрады. Өсімдік түрлері көп болғанымен сирек орналасқан, негізінен эфермслерден тұрады, шілде айының ортасына дейін сақталады да, сонан соң күйіп кетеді. Бір жылдың үш жүз күнінде жел соғып, оның 17-38 күнінде шаңды борандар тұрады. Көптеген ғылыми зерттеулер ауа ылғалдылығының төмендеуін, жылдың әр мезгілінде температураның күрт өзгеруін ғарыш ұшу аппараттарының жұмысымен байланыстырады. Алғашқы (1981-85жж.) сынақтық бақылаулар қуатты ғарыштық ұшу аппаратының «Спейс-Шаттл» немесе зымыран жеткізгіш «Сатурн-5» аппаратының ғарышка ұшыру кезінде Канаверал-Еуропа жағалауымен Солтүстік Атлантаға дейінгі аралықтың ауа ағынының (циклон) өзгеруін, ал жылдың жылы уақытында (жаздық) «Плесецк» ғарыш айлағынан ұшырылатын қуатты ұшу аппаратының әсері бұрынғы Одақ территориясының Орталық Еуропалық бөлігіне және солтүстік-батыс облыстардың атмосфералық ауа ағынының активтілігінің жоғарылауына әсерін тигізетінін дәлелдейді. Қуатты ғарыш ұшу аппараттары ұшырылатын «Байқоңыр» ғарыш айлағына жақын орналасқан аймақтарда ауа райы күрт бұзылып, 3-5 тәулікке дейін боранды құм суырып, жел болып, температураның (0-60С) төмендеу процесі жиі байқалады. Бұл процесс суы тартылып, табаны кеуіп, тұзға айналған Арал аймағы үшін қаншалықты кері әсері барын айтпаса болмайды. «Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан

аймақтың басты экологиялық мәселесі – Арал теңізі деңгейінің төмендеуі және жердің тұзданып құрғақшылыққа айналу процесі. Сондықтан ғарыш айлағының жұмысы қоршаған ортаға қосымша кері әсерін тигізуде.

«Бәйтерек» ғарыштық кешенін іске қосу мерзімі 2015 жылға қайта шегерілді. Негізгі себебі Ресей елі «Ангара» атты зымыран ұшырғышты ұшыру сынақтарын 2013 жылға ауыстырғаны.

Ұлттық ғарыш агенттігі үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2011-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспар негізінде саланы дамытудың төрт стратегиялық бағыты бойынша жұмыс жасауда. Атап айтқанда, олардың қатарында мақсатты ғарыштық жүйе құру, технологиялар мен оларды қолдану, сондай-ақ «Байқоңыр» кешенін дамыту мен ғарыштық аппараттар өндірістерін құру. Сонымен қатар, ғарыш жұмыстарының ғылыми және тәжірибелік-сынақтық базасын дамыту да осы жоспар аясында жүзеге асырылмақ.

2010 жылы «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ Ресейдің М. В. Хруничев атындағы мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығымен «KazSat-2» спутнигіне байланысты бірқатар жұмыстар атқарды. Бұған қоса қазіргі таңда осы сериядағы үшінші спутникті ұшыру үшін халықаралық тендерге қатысу да жоспарланған. Бүгіндері тендерге Франция, Германия, Жапония, Ресей, АҚШ, Израиль және Үндістан секілді мемлекеттер қатысуда.

Ғарыштық саладағы байланыста, олардың өзге елдермен әріптестік байланыстарының маңыздылығының орны ерекше. Халықаралық қызметтестікті нығайту мақсатында өткен жылы Франция, Ресей, Израиль, Германия, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан, Украина мемлекеттерінің ғарыштық агенттіктері және компанияларымен бірқатар құжаттарға қол қойылса, ғарыштық кеңістікті бейбіт мақсатта зерттеу және пайдалану жайында Жапонияның аэроғарыштық зерттеу агенттігі мен Германияның аэроғарыш орталығы және Кореяның аэроғарыштық зерттеу институттарымен әріптестік келісімдерге де қол қойылды.

Ғарыш саласы үшін отандық мамандарды дайындау да бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Республикамыздың базалық жоғары оқу орындарында «Ғарыштық техника және технология» мамандығы бойынша мамандар дайындау қарастырылған. Олардың қатарында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, сондай-ақ Азаматтық авиация академиялары тұр.

Мамандарды ғарыш саласында дайындау алыс және жақын шет мемлекеттерде де жалғасуда. Қазіргі кезде «Болашақ» бағдарламасымен 58 стипендиат Ресей, Ирландия, Малайзия, Ұлыбритания, АҚШ және Канада елдерінде 9 мамандық түрінен білім алуда. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Байқоңыр қаласындағы Мәскеу авиациялық институты филиалында 101 қазақстандық студент мамандыққа машықтануда.

Ғарыш саласындағы мамандарға арналған 16 оқу семинарлары мен олардың біліктіліктерін арттыру үшін де біршама ауқымды шаралар өткізілуде. Бұл осы саланың елімізде дамуына қосылып жатқан үлес екені белгілі.

Алматыда және Байқоңырда ғарыш саласымен туыстас мамандарды дайындайтын, алғашқы әліпбиді үйрететін екі лицей бар екен. Олардан ұшып шыққан түлектердің бағы жанғаны алыс-жақын шетелдерде, Ресейдегі МАИ-де, Можайский атындағы Әскери-ғарыштық академияда, сондай-ақ бастысы Н.Э.Бауман атындағы Мемлекеттік техникалық университетте оқуларын жалғастырады. Кеңес өкіметі кезеңінің өзінде ресейліктерден басқа одақтас елдердің студенттеріне бұл оқу орындарында көп мәлімет құпия болуына байланысты берілмейтін. Қазір де жағдай солай. АҚШ-тың да өзінің ішкі сыры мен жырын басқаға ашпайтыны белгілі. Демек, сыртта даярланған маман ғарыш саласын толыққанды меңгеріп келеді деп айта алмаймыз. Яғни маман деңгейі теориядан әрі аспайды. Мүмкін, ғарыш саласы кадрына сусап отырсадағы, Қазақстанның мұндай түлектерді жұмысқа қабылдай бермейтіндігі содан да болар. Ал жұмысқа алған күннің өзінде біздегі бұл саланың жалақысы тым мардымсыз көрінеді. Соған байланысты болар, соңғы кездері «Болашақ» жобасының ғарыштық бағыты жас талапкерлерді аса қызықтыра бермейді екен.

Қазақстан үшін ғарыш саласының алар орны срекше. Бізді «Байқоңыр» арқылы да біраз елдер танып білді. Сонау Кеңес үкіметі жылдары да ғарыш айлағының Қазақстан жерінде орын тепкені айтылып жүрді. 1961 жылы сәуірдің 12-сі күні «Байқоңыр» ғарыш айлағынан Юрий Гагарин тұңғыш рет ғарышқа ұшып шыққанда, адамзаттың алғашқы басты арманы орындалғандай болды.

«Байқоңырдан» ұшып шығатын зымырандардың ауаны ластайтыны жөнінде, экологияға тигізген зардаптары жөнінде аз айтылған жоқ. Дегенмен оның әлемдік деңгейдегі беделі талай адамды тамсандыратыны да жасырын емес. Қазір «Байқоңырды» Қазақстаннан Ресей жалға алып отыр. Көптеген келісім-шарттар жасалды. Ғарыш айлағын Қазақстанның да тиімді пайдалана білуі үшін Елбасының сіңірген еңбегі зор.

1991 жылы қазанның 2-сі күні қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа көтеріліп, халқымыздың жүздеген жылдар бойы армандаған биігіне қол жеткізді. Дәл сол сәттен кейін Елбасы қатысушыларға ғарыш агенттігінің құрылуы туралы хабарлаған болатын. Сондықтан біздегі ғарыш саласының да, мемлекет ретінде қалыптасуымыздың да тарихы бір-бірімен тығыз байланысты.

Әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан, барлық дерлік ғарыш державалары «жұлдызды» жобаларды қаржыландыруды азайтудың орнына, қайта ұлғайтып отырғандығы соның дәлелі болса керек. Космостық бағдарламалар бюджеті осыдан бір жыл бұрын АҚШ-та – 16,8 млрд, Жапонияда – 5 млрд, Қытайда – 1,5 млрд, Ресейде – 1,2 млрд долларды құрағандығы өзін-өзі байқатып тұр. Демек, бұл пайдалы.

Осылай NASA америкалық агенттігі ғарыш саласына салған әрбір доллардың 5-6 доллар болып қайтатындығын хабарлаған. Мамандардың бағалауынша, соңғы жылдары Ресейдің ғарыштық зымыран саласындағы

пайдасы үш есеге, ал оның қайтымы екі есеге өскен. Әр салынған рубль экономиканың бір-бірімен байланысты салаларында 6-7 рубльге дейін үнемдеуге мүмкіндік береді екен. Соңғы кездегі мұнай бағасының түсуіне орай қайтымына қатысты тайталаса алатын ғарышпен салалардың көп болуы неғайбыл.

Осы «ғарыш бөліші» бөлісуінен сырт қалмас үшін көптеген мемлекеттер өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, ғарыштық державалар қатарына қосылуға талпынуда.

Дағдарыс кезеңінде ғарыш саласын қолдау жаңа серпіліс жасаудың маңызды тетігінің бірі ғана емес, әрі қарайғы дамудың негізі ретінде қажет деп танытындар қатарының бар екендігі жасырын емес. Алайда, онсыз да тапшы қорды шығындауды артық санайтын белсенді қарсыластар да бар. Адамзат өз дамуында эволюциялық дамудың бір сатысынан екіншісіне өту кезінде түрлі дағдарыстар мен апаттарға кезіккен. Бір қызығы, сол мейілінше ауқымды дағдарыстар экономика дамуындағы революциялық маңызды көлік және коммуникация саласында жаңалықтар ашылғаннан кейін барып еңсерілген. Дөңгелек пен үзеңгінің пайда болуы «жылқы күшін» тиімді пайдалана отырып, жаңа жерлерге жылдамырақ жылжу мен жүкті көбірек тасуға мүмкіндік берді. Еуропа едәуір ұлғайып, қор жетіспеді. Сондықтан көрші елдермен таусылмайтын соғыс жүргізу немесе жаңа жер табу қажет болатын. Ксемемен теңізде жүзу компас пен карта ойлап табылмаса, мүмкін емес еді.

Темір жол өндірістік революцияның басталуына ықпал етті. Автокөлік бізді мейілінше ұтқыр қылып, шағын және орта бизнестің дамуына көмектесті. Ал авиациясыз трансұлттық компаниялардың жұмысы, яғни халықаралық еңбек бөлінісі мен тауар айналымы мүмкін емес. Бүгінгі жаһандық жүйеде қазіргі заман адамын ғаламтор мен ұялы телефонсыз елестету қиын. Ал мұның әрбірінде бірінші жасалған үлгілері тіпті тиімсіз әрі үнемсіз болған жоқ па? Ойлап тапқандар келекеге айналды, олардың көпшілігі банкрот болды. Бірақ сынақтар өткізулер арқылы тәжірибе жинақталып, шығындар деңгейі қысқара бастады. Ал бұл өз кезегінде қоғамда көлемді түрде экономикалық, әлеуметтік, саяси өзгерістердің орын алуына итермеледі. Көңіл аударарлығы, сол ашылған жаңашылдықтардың өзі биліктің қолдауынсыз дамымай қалар еді. Патша ханшайымдары теңіз саяхатына қолдау көрсететін. Темір жолдарға патша жарлықтарымен ғана емес, тегін қоғамдық жерлердің берілуі, ауқымды шетелдік қаржы салымдары арқылы да көмек көрсетілді. Мемлекет демеуінсіз әуе кеністігі де игерілмейтін. Ол көпке дейін тиімсіз есептеліп, реактивті қозғалғыштар шығып, сала найда әкелемін дегенше, тек мемлекеттің арнайы субсидия жәрдем ақшасына ғана күн көрді. Ғаламтордың өзі ғалымдар мен әскерилердің арасында аса қажетті, бірақ ең қымбат байланыс түрі ретінде мемлекет қаржысына жасалған болатын. Ал бүгінде ақпарат алмасудың осы түрі уақыт пен қашықтық шектеулерін шеше отырып, экономикаға ғажайып табыс әкелуде. Осы келтірілген тарихи дәйектер бірнеше қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, бәсекелестік артықшылықтарға мүмкіндік беретін жоғары технологиялық прогрессшіл салаларға, оның ішінде ғарыш саласына да ерекше назар аудару қажет.

Екіншіден, жеткілікті бастама қоры қажет. Біз әлемдегі ең қуатты, тиімді, функционалды ғарыш айлағын – «Байқоңырды» иемденеміз. Сондай-ақ ғарыш қызметін реттейтін кәсіби мемлекеттік құрылым – Ұлттық ғарыш агенттігі де бар. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы өз ісінің шебері, осы салада машықтанған азамат, «Халық Қаһарманы», Ресей батыры, үш мәрте ғарыш кеңістігіне көтерілген тәуелсіз Қазақстанның ғарышкері, Қазақстан мен Ресейдің екі мәрте генералы Талғат Мұсабаев.

Үшіншіден, ең маңыздысы, Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ ғарышка ерекше маңыз беріп келеді. Сонау 1991 жылы Мемлекет басшысы Н. Назарбаев журналистер сауалына: «Ғарыш айлағы – бүгінгі күні біздің әлемдік экономикалық сайыстағы жалғыз басымдығымыз!» деген болатын. Одан кейін де аз уақыт өткен жок, экономикалық және саяси жағдай өзгерді. Дегенмен де бұл саладағы мемлекет басымдығы одан да нығая түсті. Яғни, елдің индустриалды-инновациялық даму Стратегиясының жүзеге асуына, ғарыш индустриясы кластерінің құрылуы мен дамуына, халықаралық маңызды серпінді жобалардың іске асуына, әлемдік ғылыми және ғылыми-техникалық кеңістікте кірігуіне ықпал ететін отандық ғарыш саласын жасау міндеті қойылды. Бұл шешімдердің барлығы нақты қаражаттармен бекітілген.

Әрине, бұл салада әлі де бірқатар қиындықтар бар. Мысалы, біз осы саланы жасақтауға кіріскенімізбен, әлі күнге дейін ғарыш қызметін реттейтін «Ғарыш қызметі туралы» заңымыз жоқ. Мұның себебі де белгілі. Қазақстан Республикасының «Ғарыш қызметі туралы» Заңының жобасы 2006 жылы желтоқсанда Парламент Мәжілісінің өткен шақырылымының карауына ұсынылған. Айта кету керек, ол кезде Қазақстанда ғарыштық қызметті реттейтін салалық орталық мемлекеттік атқарушы құрылым болмаған. Тек ҚР Білім және ғылым министрлігі жанында Аэроғарыштық комитет ғана бар еді. Бәлкім, аталған министрлікте ғарыш саласын терең игерген мамандардың жеткіліксіздігінен болар, заң жобасы барысында депутаттар айтарлықтай кемшіліктерді тапты. Құқықтық нормалары негізінен декларативті сипатта еді, ғарыштың экономиканың бір саласы ретіндегі маңызды мәселелері қамтылмады. Заң жобасының өзі небәрі сегіз беттен тұратындығы, әлбетте, өзін-өзі айқындап тұрғандай. Жағдайды Мәжіліс қабырғасында-ақ жөндеуге талпыныс жасалды. Жұмыс тобына мүше депутаттар 116 өзгерту енгізді, көптеген құқықтық ережелер Қазақстанның қолданыстағы заңдарына сәйкестендірілді және оның тіпті бүкіл мәтіні айтарлықтай өңделді. Енгізілген өзгерістер ілеспелі заң жобаларының жетілдірілуін талап етті. Сонымен қатар, депутаттардың енгізген барлық өзгерістері мемлекеттік шығынның ұлғаюын қажетсінетін, ол әлемдік экономикалық дағдарысқа байланысты Республикалық бюджеттік комиссия тарапынан қолдау таппады. Осыған байланысты Парламент Мәжілісі тарапынан Үкіметке Заң жобасын қайтарып, құрылған Агенттіктің кәсіби мамандарын қатыстыра отырып, сөйкесінше өңдеу және

қосалқы заң жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныс енгізілді. Дегенмен, бұл заң жобасы әліде жетілдіруді қажет етеді.

Жалпы, біз «Байқоңыр» ғарыш айлағын тек сөз жүзіндегі мақтанышымыз ғана емес, мемлекетімізге қыруар табыс әкелетін кешен ретінде пайдалануға қол жеткізгеніміз абзал. Бұл саладағы көзделген жобалар жүзеге асса, осы мақсаттың орындалатыны сөзсіз.

Байқоңыр кешені өте күрделі және аумақты кешен, онда 150-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді. Кешен құрамына 7 зымырандық-ғарыштық кешен, су, электр, жылу, газ, автокөлік, теміржол, байланыс, коммуналдық және басқа да жүйелер кіреді.

Ғарыш саласын зерттеп жүрген қазақстандық ғалымдар алдағы 3 жылға және 10 жылға негізделген ғылыми маңызы бар жобалармен жұмыс істеуде.

Ол – ғарыштық аппараттарды жобалау. Сарышағандағы әскери полигонды көтеріп, жаңадан кешен құруға бағытталған жоба. Үшіншісі - ғарышты ғылыми зерттеу. Қазақстанның ғарыш саласы ТМД елдері бойынша салыстырғанда алдыңғы қатарда. Болашақтағы 10 жыл ішінде Қазақстан өзінің 2-3 жер серігін ұшыруды жоспарлап отыр.

Ұлттық ғарыштық зерттеулерге де 20 жыл, 1991 жылдың 2 қазанында тұңғыш қазақ ғарышкері, Токтар Әубәкіров ғарышқа ұшты. Онда ол өзге әріптестермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, ғарыштық зерттеулер институтының ашылғанына да 20 жыл толды. Міне осының барлығы Ел тәуелсіздігімен тұспа-тұс басталған ауқымды істер болатын. Сондай-ақ ғарышта түсірілген фотосуреттерді ғалымдарымыз елдің экономикалық, экологиялық, жер ресурстары мен егіндік алқаптағы игіліктерге кеңінен пайдаланып келеді.

Ғарыштық зерттеулер нәтижелері мен ғылымның осы саласының жетістіктерін шаруашылық қызметіне енгізудің экономикалық маңызы үлкен. Қазірдің өзінде халық шаруашылығының әр түрлі салалары ғарыштық зерттеулердің арқасында ғылыми және техникалық сипаттағы көптеген пайдалы ақпараттарға ие болды. Осы заманғы экономикалық өсімнің басты факторлары микроэлектроника, сандық және ақпараттық жүйелер, бағдарламалық қамтамасыз ету, байланыс және коммуникация, жаңа композиттық материалдар және т.б. салалардағы инновациялық технологиялар болып отырғаны баршаға белгілі. Ал бұл жасалымдардың бастауы ғарыштық индустрия саласында тұнып тұр және олар заманауи өмірімізге елеулі ықпал етуде. Заманауи ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуына жаһандық телефония, Интернет желісіне қол жеткізудің спутниктік жүйелері, тікелей сандық теле және радиохабар тарату, шұғыл корпоративтік және кеңжолықты байланыс, навигация жәрдемдесіп отырғаны жасырын емес. Осынау өмірлік қажетті бағыттардың дамуы ғарыш техникасынсыз мүмкін бе?! Шындығында, кез келген үкімет қызметіндегі метеорология, Жерді қашықтан зондау, жаңа жоғары сапалы берік материалдар жасау, экологиялық мониторинг, табиғаттың тосын құбылыстарының алдын алу сияқты маңызды өмірлік жағдайлар ғарыш

қызметінсіз тіптен мүмкін емес. Сондықтан да ғарыш саласының ойдағыдай өркендеуі үшін мемлекет пен қоғамның елеулі назар аударуы қажеттілік сөні түсінікті. Алайда бүгінгі таңда оның дамуы мен өркендеуі өте баяу. Өйткені, оны кезең-кезеңімен, ұзақ уақыт бойы дәйекті жүргізуге орасан зор қаржы салымдары, басқару саясатын сауатты жүргізу, үлкен интеллектуалдық ресурстар, елеулі маман әлеуеті және соған сәйкес тиісті ғылыми орта қажет. Ал оны пайдаланудың жемістері күткендегіден әлденеше есс мол.

Сонымен ғарыш саласы мемлекеттік тұрғыдан сындарлы саясатты, жинақталған тәжірибелерді орнымен жүзеге асыруды қажет етеді. Бұл салаға әріден ойлайтын, қарымы мол, ойы ұшқыр, осы іске жан-тәнімен берілген адамдар қажет. Сөз реті келіп тұрғанда, қазақстандық ғарыш қызметі сенімді қолда сөнін айта кетудің артықтығы болмас. Елбасымыздың қазақстандық ғарыш саласын басқаруға танымал ғарышкер және өз мамандығының нағыз кәсіпқой шебері, сөні сүйген ер Талғат Мұсабаевты таңдауы тегіннен емес.

Қай жұмыста да істің мәнісін білетін маманның жөні бөлек. Талғат Мұсабаев – Ресеймен ынтымақтастықта елеулі үлес қосып келе жатқан дипломат, халықаралық ғарыш ілімін елеулі үлес қосып отырған беделді зерттеуші. Оның Қазақстан Республикасының ұлттық ғарыш агенттігін қалыптастыруда еңбегі зор. Бүгінде ол Қазғарышты басқара отырып, қазақстандық ғылымды жаңа өрістерге шығаруға жан аямай қызмет етуде. Бұл орайда Қазғарыш мамандары халықаралық ынтымақтастықты дамытуда, берік әріптестік байланыстарды жолға қоюда, Қазақстанға қажетті алдыңғы қатарлы технологиялары бар ғарыштық мемлекеттермен және трансұлттық корпорациялармен өзара тиімді ықпалдастыққа зор маңыз беруде. «Қазсат» спутник топтары жүйесін қалыптастыруда, Жерді қашықтан зондтаудың ғарыштық жүйесін жасаумен айналысуда. Бүгінде қазақстандық ғарыш саласының мамандары Ресеймен ынтымақтастықты тереңдетіп, Украинамен өзара іс-қимылды күшейтуде, Еуропаның жетекші елдерімен, Үндістанмен, Канадамен, Қытаймен және Жапониямен әріптестікке ынтық білдіріп отыр.

Тұтастай алғанда, ғарыштық менеджмент дәйекті іс-қимылдар стратегиясын айқын көрсетуде.

Ғылыми-техникалық әлеует және оның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі жалпыға бірдей бәсекелестік жағдайында басты фактор ретінде қарастырылуда. Бұл орайда Қазақстанда қарышты қадаммен жүзеге асырылып отырған ғарыштық бағдарлама экономикадағы әртараптыңдыру үдерісінің қуатты әрі тиімді қозғаушы күші болары сөзсіз. Ғарыштық сала – экономиканың және бүкіл қоғам мен мемлекеттің “ілгерілеуінің” белгісі. Ғарыштық қызметте адамзат әлеуетін ілгері апаратын бірегей идеялар мен инновациялар жетерлік. Ғарыштық ілім ғылыми-техникалық прогрестің негізгі өнімі болуымен қатар, осы прогрестің қуатты қозғаушы күшіне айналды. Ол әлемдік шаруашылықтың басқа да салаларына жаңа мүмкіншілік, тың технологиялардың және ғылыми жасалымдардың үздіксіз тасқынын беруде. Біздің өркенетті дамуымыздың барлық маңызды өмірлік салалары бүгінде ғарыштық технологиялармен және жасалымдармен тікелей байланысты.

Болашақта «Байқоңырдай» бірегей ғарыш айлағы бар Қазақстан әлемдік ғарыштық ірі державалардың ортасынан ойып тұрып өз орнын алатынына сенім мол.

### Резюме

В данной статье рассмотрены основные функции космической деятельности РК, проблемы в данной отрасли, пути их решения и влияние на экономику Казахстана.

### Resume

This article describes the main tasks and functions of the space of Kazakhstan, all the problems in the industry, solution and impact on the economy.

**Атаниязов Ж.,**  
*э.ғ.к., доцент*  
**Кулушева А.С.,**  
*магистрант,*

*Қ. Жұбанов ат.Ақтөбе мемлекеттік университеті*

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де болып келеді. Республика экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие.

Ауыл шаруашылығының дамуы - Қазақстан Республикасының өндірістік күштерінің әрі қарай дамуының қажетті жағдайы, халықтың өмір сүру деңгейінің материалды-әлауқаттық және мәдени-әлеуметтік жағынан көтерілуі. Бүгінде әлемнің көптеген елдері мен аймақтарында орын алып отырған азық-түлік жетіспеушілігі әлемдік қоғамдастықтан ауыл шаруашылығын дамыту арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа бағыттары мен жолдарын қарастыруды талап етуде. Мысалы, БҰҰ-ның жанындағы «Халықтар қоры» жер тұрғындарының 2050 жылға қарай 7,8 млрд. адамға өсуіне орай, күрделенуі мүмкін азық-түлік мәселесіне қатысты 61,2 млрд. долларға бағаланған арнайы бағдарлама ұсынды. Оның ішіне ауылшаруашылығы ғылымын дамытуға 5 млрд. доллар, егістік жерді сақтауға 24 млрд. доллар, ормандарды қалпына келтіруге 6,8 млрд. доллар бөлуді көздеп отыр.

Өз кезегінде әлемдік қоғамдастықтың бір мүшесі ретінде Қазақстанда мұндай мәселелерден шетте қалып отырған жоқ. 2002 жылы Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы қабылдануы, 2003 жылы шілде айында Ел басының

